**Фармацевтика және медицина өнеркәсібін дамыту жөніндегі 2020 - 2025 жылдарға арналған кешенді жоспарды бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2020 жылғы 6 қазандағы № 132-ө өкімі.

**Фармацевтика және медицина өнеркәсібін дамыту жөніндегі 2020 - 2025 жылдарға арналған кешенді жоспарды бекіту туралы**

1. Қоса беріліп отырған Фармацевтика және медицина өнеркәсібін дамыту жөніндегі 2020 - 2025 жылдарға арналған кешенді жоспар (бұдан әрі - Кешенді жоспар) бекітілсін.

2. Кешенді жоспардың орындалуына жауапты Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті атқарушы органдары, ұйымдары (келісу бойынша):

1) Кешенді жоспарда көзделген іс-шаралардың уақтылы орындалуын қамтамасыз етсін;

2) жылдың қорытындысы бойынша 10 қаңтардан кешіктірмей Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігіне оның іске асырылу барысы туралы ақпарат берсін.

3. Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі жыл қорытындысы бойынша 1 ақпаннан кешіктірмей Қазақстан Республикасының Үкіметіне Кешенді жоспардың орындалу барысы туралы жиынтық ақпарат берсін.

4. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігіне жүктелсін.

*Премьер-Министр* *А. Мамин*

Қазақстан Республикасы
Премьер-министрінің
2020 жылғы 6 қазандағы
№ 132-ө өкімімен
бекітілген

## Фармацевтика және медицина өнеркәсібін дамыту жөніндегі 2020 - 2025 жылдарға арналған кешенді жоспары

| Р/с № | Іс-шараның атауы | Аяқталу нысаны | Жауапты орындаушылар | Орындау мерзімдері | Қаржы. көздері |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| **I. Фармацевтика және медицина өнеркәсібінің нормативтік құқықтық базасын жетілдіру** | | | | | |
| | Заңнамалық актілерге мынадай бөлікте | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 1. | өзгерістер мен толықтырулар енгізу мәселесін пысықтау:<br>- МБ және ДЗ айналысын бөлек реттеу;<br>- тіркеуден кейінгі кезеңде ДЗ және МБ сапасын бағалау рәсімінің тәсілдерін қайта қарау | заң жобасы | ДСМ, ҰЭМ, ИИДМ, Қаржымині, " Атамекен" ҰКП ( келісу бойынша) . | 2021 жылғы 4-тоқсан | талап етілмей |
| 2. | Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды, фармацевтикалық көрсетілетін қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру және өткізу қағидаларына мынадай бөлікте өзгерістер мен толықтырулар енгізу мәселесін пысықтау:<br>- келісімшарттық өндіріс шеңберінде өндірілетін ДЗ мен МБ сатып алуды ұйымдастыру тәртібін айқындау;<br>- ДЗ, МБ жеткізудің ұзақ мерзімді шарттарын жасасу бойынша бағалау өлшемшарттарын, оның ішінде келісімшарттық өндіріс шеңберінде оқшаулау бөлігінде жетілдіру;<br>- ұзақ мерзімді шарттар шеңберінде ОТӨ өндіретін ДЗ және МБ сатып алу тізімдерінен алып тастау шархтарын айқындау | Үкімет қаулысының жобасы | ДСМ, ИИДМ, ҰЭМ, Қаржымині, СІМ, " СҚ- Фармация" ЖШС (келісу бойынша), "Атамекен " ҰКП (келісу бойынша) | 2021 жылғы 1-тоқсан | талап етілмей |
| 3. | Өңірлік деңгейлерде ДЗ және МБ сатып алуды өткізу кезінде жергілікті қамту бойынша нысаналы индикаторларды (KPI) айқындау және бекіту | ИИДМ-ге ақпарат | облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері, " Атамекен" ҰКП ( келісу бойынша) | жыл сайын | талап етілмей |
| 4. | Өңірлік деңгейлерде ДЗ және МБ сахып алуды еткізу кезінде жергілікті қамту бойынша нысаналы | ИИДМ-ге және ДСМ-ге ақпарат | облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері, " | жыл сайын | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | индикаторлардың (KPI) орындалуын мониторингтеу | | Атамекен" ҰКП ( келісу бойынша) | | т а л а п етілмей |
| 5. | GMP, GDP енгізудің міндеттілік мерзімдерін 2023 жылга дейін ауыстыру мәселесін пысықтау | Үкіметке ақпарат | ДСМ, ҰЭМ, ИИДМ, Қаржымині, " Атамекен" ҰКП ( келісу бойынша) | 2020 жылғы 4-тоқсан | т а л а п етілмей |
| 6. | ДЗ және МБ баға белгілеу тетігін цифрландыру бойынша ұсыныстар енгізу | Үкіметке ақпарат | ДСМ, ҰЭМ, ИИДМ, ЦДИАӨМ, " Атамекен" ҰКП ( келісу бойынша) | 2021 жылғы 1-тоқсан | т а л а п етілмей |
| 7. | Өңірлердің ТМККК және МӘМС шеңберінде ДЗ мен МБ жоспарлауы және қамтамасыз етілу бойынша нысаналы индикаторларды (KPI) айқындау жәэне бекіту | Үкіметке ақпарат | ДСМ, облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері, "СҚ-Фармация" ЖШС ( келісу бойынша) | 2020 жылғы 4-тоқсан | т а л а п етілмей |
| 8. | Фармацевтикалық өнеркәсіпті дамытуға коммерциялық банктердің және бюджеттен тыс басқа да көздердің қаржы қаражатын тартудың тиімді тетіктерін әзірлеу жөнінде ұсыныстар енгізу | Үкіметке ақпарат | ИИДМ, ДСМ, ҰЭМ, "Атамекен" ҰКП ( келісу бойынша), облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері | 2021 жылғы 1-тоқсан | т а л а п етілмей |
| 9. | ДЗ-ға тіркелген бағаны тіркеу және қайта тіркеу жөніндегі қызметтерді мемлекеттік көрсетілетін қызмет форматына ауыстыру | бұйрық | ДСМ, ЦДИАӨМ, ҰЭМ, "Атамекен" ҰКП (келісу бойынша) | 2021 жылғы 3-тоқсан | т а л а п етілмей |
| 10. | Сатып алу кезінде медициналық техниканы қоса алғанда, МБ индустриялық сертификатының болуы туралы талапты енгізу мәселесін пысықтау | Үкіметке ақпарат | ДСМ, ИИДМ, СИМ, "Атамекен" ҰКП ( келісу бойынша) | 2020 жылғы 4-тоқсан | т а л а п етілмей |
| 11. | GLP талаптарына сәйкес келетін қазақстандық зертханаларды дамыту жөніндегі нормативтік құқықтық базаны әзірлеу жөнінде ұсыныстар енгізу | Үкіметке ақпарат | СИМ, АШМ, ДСМ, ИИДМ, "Атамекен" ҰКП (келісу бойынша) | 2021 жылғы 2-тоқсан | т а л а п етілмей |
| 12. | ДЗ міндетті таңбалауды енгізу жөніндегі нормативтік құқықтық | Үкіметке ақпарат | ДСМ, СИМ, " Қазақтелеком" АҚ ( келісу бойынаша), " | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | базаны әзірлеу бойынша ұсыныстар енгізу | | Атамекен" ҰКП (келісу бойынша) | 2021 жылғы 4-тоқсан | талап етілмей |
| **II. ЕАЭО шеңберінде дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы** | | | | | |
| 13. | ЕАЭО рәсімдерімен қатар ұлттық рәсімдер бойынша ДЗ айналысын сақтау жөніндегі мәселені пысықтау | ЕАЭО құқықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу мақсатында ЕЭК-ке ұсыныстар | ДСМ, СИМ, ҰЭМ, ИИДМ, "Атамекен" ҰКП (келісім бойынша) | 2021 жылғы 4-тоқсан | талап етілмей |
| 14. | ЕАЭО рәсімдерімен қатар ұлттық рәсімдер бойынша МБ айналысын сақтау жөніндегі мәселені пысықтау | ЕАЭО құқықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу мақсатында ЕЭК-ке ұсыныстар | ДСМ, СИМ, ҰЭМ, ИИДМ, "Атамекен" ҰКП (келісім бойынша) | 2020 жылғы 4-тоқсан | талап етілмей |
| 15. | ДЗ мен МБ қазақстандық өндірісі үшін әкелінетін субстанциялар, шикізат пен жинақтаушы материалдар үшін кедендік әкелу баждарының мөлшерлемелерін төмендету мәселелері бойынша ұсыныстар әзірлеу | СИМ-ге ақпарат | ИИДМ, ДСМ, Қаржымині, ҰЭМ, АШМ, "QazIndustry" АҚ (келісу бойынша), "Атамекен" ҰКП (келісу бойынша) | 2020 жылғы 4-тоқсан | талап етілмей |
| 16. | ДЗ мен МБ қазақстандық өндірісі үшін әкелінетін субстанциялар, шикізат пен жинақтаушы материалдар үшін кедендік әкелу баждарының мөлшерлемелерін төмендету мәселесін пысықтау | ЕЭК-ке ұсыныстар | СИМ, Қаржымині, ҰЭМ, ИИДМ, ДСМ, АШМ, "Атамекен" ҰКП (келісу бойынша) | 2021 жылғы 2-тоқсан | талап етілмей |
| 17. | ДЗ және МБ отандық өндірушілердің бәсекеге қабілеттілігін ұлғайту мақсатында GCP талаптарына сәйкес келетін қазақстандық клиникалық базаларды дамыту женінде ұсыныстар енгізу | Үкіметке ақпарат | ДСМ, "Атамекен" ҰКП (келісу бойынша) | 2020 жылғы 4-тоқсан | талап етілмей |
| **III. Мемлекеттік қолдау шаралары** | | | | | |
| | ДЗ-ны мәжбүрлеп лицензиялау/ тіркеу рәсімдерін қолдану шарттарын айқындау (Қазақстан Республикасы нарығының қажеттіліктерін | | ДСМ, Әділетмині, ИИДМ, ҰЭМ, "Qazlndustry" АҚ (келісу | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 18. | қамтамасыз ету не патент иеленушінің құқықтарынан шығару үшін ОТӨ-ге өнеркәсіптік меншік объектісін пайдалану құқығын беру) | Үкіметке ақпарат | бойынша), " Атамекен" ҰКП (келісу бойынша) | 2022 жыл | т а л а п етілмей |
| 19. | ДЗ және МБ үшін клиникалық және клиникаға дейінгі сынақтар (зерттеулер) жүргізуге жұмсалған шығындарды өтеу | Үкіметке ақпарат | ИИДМ, ДСМ , БҒМ, ҰЭМ, Қаржымині, " Qazlndustry" АҚ (келісу бойынша), " Атамекен" ҰКП (келісу бойынша) | 2021 жылғы 1-тоқсан | т а л а п етілмей |
| 20. | Өтеуге ұсынылатын соманың 50 %-ы мөлшерінде тауарларды (ДЗ және МБ) таңбалауға байланысты шығындарды өтеу мәселесін пысықтау | ҰЭМ-ге, Қаржыминіне ақпарат | ИИДМ, ДСМ , АШМ, ҰЭМ , Қаржымині, СИМ, БҒМ, " Qazlndustry" АҚ (келісу бойынша), " Атамекен" ҰКП (келісу бойынша) | 2021 жылғы 1-тоқсан | т а л а п етілмей |
| 21. | Фармацевтикалық кәсіпорындарды АЭА-ға қосу мақсатында "Оңтүстік" АЭА және "ИТП" АЭА аумақтарын кеңейту мәселесін пысықтау | Үкіметке ақпараг | ИИДМ, ҰЭМ , Қаржымині, Шымкент және Алматы қалаларының әкімдіктері | 2020 жылғы 4-тоқсан | т а л а п етілмей |
| 22. | ДЗ және МБ өндірісі үшін Қазақстан Республикасының аумағында өндірілмейтін шикізаттың импортына жұмсалатын шығындарды субсидиялау мәселесін пысықтау | Үісіметке ақпарат | ИИДМ, ДСМ , АШМ, ҰЭМ , Қаржымині, БҒМ, " Атамекен" ҰКП (келісу бойынша), " Qazlndustry" АҚ (келісу бойынша) | 2021 жылғы 1-тоқсан | т а л а п етілмей |
| 23. | Препараттар (вакциналар, тест-жүйелер және басқа да препараттар) өндірісі жөніндегі , оның ішінде ветеринария, өсімдіктерді қорғау және олардың карантині саласындағы инвестициялық жобаларды мемлекеттік қолдау мәселесін пысықтау | Үкіметке ақпарат | ИИДМ, АШМ, ҰЭМ, СІМ, Қаржымині, " Qazlndustry" АҚ (келісу бойынша), " Атамекен" ҰКП (келісу бойынша) | 2021 жылғы 1-тоқсан | т а л а п етілмей |
| | Отандық өңделген тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін | | ИИДМ, СИМ , ДСМ, ҰЭМ, | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 24. | қызметтерді және сапа менеджменті жүйелерін тіркеу кезінде шығындарды өтеу мәселесін пысықтау ( сертификаттауды алуға техникалық, зертханалық, клиникалық-зертханалық сынақтар жүргізу) | Үкіметке ақпарат | Қаржымині, ИСМ, " QazIndustry" АҚ (келісу бойынша), " Атамекен" ҰКП (келісу бойынша) | 2021 жылғы 1-тоқсан | талап етілмей |
| 25. | ДЗ және МБ бойынша аккредиттелген сынақ зертханаларында сынақ түрлерінің тізбесін айқындау мақсатында сынақ зертханаларын аккредиттеу салаларының электрондық базасын құру | Облыстардың электрондық базасы | СИМ, ЦДИАӨМ, ДСМ, ИИДМ , "Атамекен" ҰКП (келісу бойынша) | 2021 жылғы 4-тоқсан | талап етілмей |
| **IV. Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар** | | | | | |
| 26. | Кейіннен Қазақстан Республикасының аумағында оқшаулау үшін фармацевтика және медицина өнеркәсібін дамытудың, оның ішінде өнімдерін Бірыңғай дистрибьютор сатып алатын секторларды қоса алғанда, перспективалы секторларын айқындау бойынша орта мерзімді болжам мен талдау жүргізу | Үкіметке ақпарат | СІМ, ДСМ, Еңбекмині, ИИДМ, СИМ , " СҚ-Фармация " ЖШС ( келісу бойынша), " Атамекен" ҰКП (келісу бойынша) | 2021 жылғы 3-тоқсан | талап етілмей |
| 27. | Отандық жаңа технологияларды әзірлеуге және шетелдік технологияларды оқшаулауға, оның ішінде мемлекеттік тапсырыс/ сатып алу арқылы, сұранысты айқындау | Үкіметке ақпарат | ЦДИАӨМ, ДСМ, ИИДМ , "СҚ-Фармация" ЖШС (келісу бойынша), " Атамекен" ҰКП (келісу бойынша) | жыл сайын, 2020 жылғы 4-тоқсан | талап етілмей |
| 28. | ДДҰ жобалары және отандық әзірлемелер шеңберінде Қазақстан Республикасының аумағында өндірісті оқшаулау кезінде инфекциялық және инфекциялық емес аурулардың профилактикасы, диагностикасы және | Үкіметке ақпарат | ДСМ, БҒМ, " Атамекен" | 2021 жылғы 1-тоқсан | талап етілмей |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | оларды емдеу үшін вакциналарды, ДЗ, МБ зерттеулерді, әзірлемелерді және сатып алуды қолдау жөніндегі шаралар кешенін әзірлеу және бекіту | | ҰКП (келісу бойынша) | | |
| 29. | Өсімдіктердің аурулары және зиянкестерімен күресу үшін биофабрикаларды дамыту және биологиялық өндірістер құру; ветеринария, өсімдіктерді қорғау және карантин саласындағы препараттарды тіркеу мәселелерін пысықтау | Үкіметке ақпарат | АШМ, ЭГТРМ, ИИДМ, ҰАҒБО АҚ, "Атамекен" ҰКП (келісу бойынша) | 2021 жылғы 3-тоқсан | талап етілмей |
| 30. | Қазақстан Республикасының аумағында өсетін дәрілік өсімдіктерді пайдалана отырып, препараттар өндірісін ұйымдастыру мәселесін пысықтау | Үкіметке ақпарат | ИИДМ, ЭГТРМ, ДСМ АШМ "Атамекен" ҰКП (келісу бойынша) | жыл сайын | талап етілмей |
| 31. | Биологиялық қауіпсіздік саласындағы ғылыми зерттеулерді қаржыландыру көлемін ұлғайту, оның ішінде стратегиялық зерттеулерді тікелей қаржыландыру мәселесін пысықтау | Үкіметке ақпарат | БҒМ, Қаржымині, ҰЭМ | жыл сайын, 2020 жылғы 3-тоқсаннан бастап | талап етілмей |
| 32. | БҒМ Биологиялық қауіпсіздік проблемаларының ҒЗИ базасында BSL-4 қауіпсіздік деңгейіндегі зертханалар салу мәселесін пысықтау | Үкіметке ақпарат | БҒМ, ИИДМ, СІМ, ҰЭМ, Қаржымині, АШМ, ДСМ, ЭГТРМ, Жамбыл облысының әкімдігі | 2021 жылғы 1-тоқсан | талап етілмей |
| 33. | Халықаралық стандарттарға сәйкес келетін вирустар штамдарын, микроорганизмдерді, өсімдік және жануар клеткаларының дақылдарын, геномдық | Үкіметке ақпарат | БҒМ, ИИДМ, ҰЭМ, Қаржымині, АШМ, ДСМ, ЭГТРМ, | 2021 жылғы 1-тоқсан | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | және гендік-инженерлік материалдарды салу мәселесін пысықтау | | Жамбыл облысының әкімдігі | | талап етілмей |
| 34. | Өсімдіктер негізіндегі биологиялық белсенді қоспалар мен өзге де препараттарды отандық өндірушілерді дамыту және олардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру мәселелерін пысықтау | Үкіметке ақпарат | ДСМ, АШМ, ИИДМ, СІМ, "Қазақтелеком" АҚ (келісу бойынша) | 2021 жылғы 1-тоқсан | талап етілмей |
| **V. Инвестициялар тарту** | | | | | |
| 35. | Қазақстандық ДЗ және МБ өндірушілерінің оң имиджін қалыптастыру бойынша ақпараттық науқан өткізу | ИИДМ-ге ақпарат | АҚДМ, ДСМ, ИИДМ, облыстардың, Нұр-сұлтан, Алматы және | жыл сайын | талап етілмей |
| | | | Шымкент қалаларының әкімдіктері, "Атамекен" ҰКП (келісу бойынша) | | талап етілмей |
| **36.** | Негізгі тауар позицияларын, әлеуетті тауашаларды, сондай-ақ фармацевтика саласына шетелдік инвестицияларды тарту бойынша таргеттеу үшін инвестициялық ұсыныстарды айқындау. Халықаралық консалтингтік компанияны тарта отырып, салалық инвестициялық тизер әзірлеу | инвестициялық салалық тизер | СІМ, ИИДМ, ДСМ, АШМ, "KAZAKH INVEST" ҰК" АҚ (келісу бойынша), "СҚ-Фармация" ЖШС (келісу бойынша) | 2020 жылғы 4-тоқсан | талап етілмей |
| **37.** | Big Pharma - Top 50 жетекші әлемдік фармацевтика өндірушілерінің қатарынан төрт трансұлттық компанияны, сондай-ақ кемінде жиырма шетелдік компанияны олардың өндірісін Қазақстан Республикасының аумағында оқшаулау үшін тарту | іс-шаралар жоспары | СІМ, ДСМ, АШМ, "KAZAKH INVEST" ҰК" АҚ (келісу бойынша), "СҚ-Фармация" ЖШС (келісу бойынша) | 2020 - 2025 жылдар | талап етілмей |
| | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **VI. Саланы кадрлық қамтамасыз ету** | | | | | |
| **38.** | ДЗ және МБ өндірушілерінің қажетгіліктерін ескере отырып, мемлекеттік білім беру тапсырысын қалыптастыру | БҒМ бұйрығы | ДСМ, Еңбекмині, ИИДМ, БҒМ, "Атамекен" ҰКП (келісу бойынша) | жыл сайын | 2021 жылда арналғ республ бюдже көздел қараж шеңбер |
| 39. | ДЗ және МБ айналымы саласындағы кәсіптік стандарттарды өзектілендіру, ұлттық біліхтілік шеңберімен (ҰБШ) үйлестіру) | кәсптік стандарттар | ДСМ. Енбекмикі. БҒМ "Атамекен" ҰКП (келісу бойынша) | жыл сайын | талап етілмей |
| 40. | Биологиялық препараттар өндірісінде, биоқоймаларда, биологиялық қауіпсіздік деңгейі жоғары және басқа зертханаларда биологиялық агенттермен жұмыс істеу үшін жоғары оку орындарында мамандар даярлау мәселесін пысықтау | Үкіметке акпарат | ДСМ, БҒМ, АШМ, "Атамекен" ҰКП (келісу бойынша) | жыл сайын | талап етілмей |
| 41. | Биологиялық қауіпсіздік, медицина және фармацевтика саласындағы мамандар үшін ғылыми тағылымдамаларды ұйымдастыру мәселесін пысықтау | Үкіметке ақпарат | БҒМ, Қаржымині, АШМ, ДСМ, ЭГТРМ | жыл сайын | талап етілмей |
| **VII. Дәрілік заттардың таңбалануы және қадағалануы** | | | | | |
| 42. | ДЗ таңбалануының және қадағалануының пилоттық жобасын жүргізу | СИМ-ге ақпарат | ДСМ, СИМ, "Қазақтелеком" АҚ (келісу бойынша) | 2021 жылғы 2-тоқсан | талап етілмей |
| 43. | Бірыңғай дистрибьютор шеңберінде ДЗ айналымына талдау жүргізу | ИИДМ-ге ақпарат | ДСМ, "СҚ-Фармация" ЖШС (келісу бойынша) | 2020 жылғы 4-тоқсан | талап етілмей |
| 44. | ДЗ таңбалаудың балама тәсілдерін енгізу бойынша ұсыныстар әзірлеу | ДСМ-ге ақпарат | "Қазақтелеком" АҚ (келісу бойынша) | 2020 жылғы 4-тоқсан | талап етілмей |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 45. | ДЗ тізбесін және ДЗ міндетті таңбалауды енгізу кезеңдерін айқындау мәселесін пысықтау | Үкіметке ақпарат | ДСМ | 2020 жылғы 4-тоқсан | т а л а п етілмей |
| 46. | Міндетті таңбалауға жататын тауарлардың ( биологиялық белсенді қоспалар және басқа да медициналық өнімдер) тізбесін кеңейту мәселесін пысықтау) | Үкіметке ақпарат | ДСМ, АШМ, ИИДМ, СИМ , " Қазақтелеком " АҚ (келісу бойынша), " Атамекен" ҰКП (келісу бойынша) | 2021 жыл | т а л а п етілмей |
| **VIII. Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды отандық өндірушілердің қуаттарын ұлғайту** | | | | | |
| 47. | 2019 жылмен салыстырғанда фармацевтика саласының өндіріс көлемін 2,5 есеге ұлғайту | Үкіметке ақпарат | ИИДМ, дсм, облыстардың, Нұр-сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері, " С Қ - Фармация" ЖШС (келісу бойынша) | 2025 жыл | т а л а п етілмей |
| 48. | ДЗ және МБ шығару бойынша кемінде отыз жаңа өндірісті іске қосу | Үкіметке ақпарат | ИИДМ, ДСМ , облыстардың, Нур-султан, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері, " С Қ - Фармация" ЖШС (келісу бойынша) | 2025 жыл | т а л а п етілмей |
| 49. | ДЗ және МБ экспорты көлемін 2019 жылмен салыстырғанда 3 есеге ұлғайту | Үкіметке ақпарат | ИИДМ, ДСМ , облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері, " С Қ - Фармация" ЖШС (келісу бойынша) | 2025 жыл | т а л а п етілмей |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 50. | Бір рет қолданылатын маскалар шығаратын кәсіпорындардың өндірістік қуатын тәулігіне 2 млн данаға дейін ұлғайту | Үкіметке ақпарат | ИИДМ, ДСМ, облыстардың, Нурсултан, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері, "СҚ-Фармация" ЖШС (келісім бойынша) | 2021 жылғы 4-тоқсан | талап етілмей |
| 51. | Қорғану костюмдерін шығаратын кәсіпорындардың өндірістік қуатын айына 1 млн данаға дейін ұлғайту | Үкіметке ақпарат | ИИДМ, ДСМ облыстардың. Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларыныщ әкімдіктері, "СҚ-Фармация" ЖШС (келісу бойынша) | 2021 жылғы 4-тоқсан | талап етілмей |
| 52. | Медициналық қолғап шығаратын кәсіпорындардың өндірістік қуатын тәулігіне 530 мың жұпқа дейін ұлғайту | Үкіметке ақпарат | ИИДМ, ДСМ, облыстардын, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері, "СҚ-Фармация" ЖШС (келісу бойынша) | 2021 жылғы 1-тоқсан | талап етілмей |
| 53. | Нарықтың қажеттілігіне байланысты бір реттік маскалар, қорғану костюмдері мен медициналық қолғаптар өндірісінің куатын одан әрі арттыру | Үкіметке ақпарат | ИИДМ, ДСМ, облыстардын, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері, "СҚ-Фармация" ЖШС (келісу бойынша) | жыл сайын | талап етілмей |
| | | | ДСМ, ИИДМ, СІМ, облыстардын, Нұр-Сұлтан, Алматы және | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 54. | Отандық ДЗ мен МБ сатып алу үлесін 50 %-ға дейін ұлғайту | Үкіметке ақпарат | Шымкент қалаларының әкімдіктері, " KAZAKH INVEST" ҰК " АҚ (келісу бойынша), " СҚ-Фармация " ЖШС ( келісу бойынша) | 2025 жыл | т а л а п етілмей |

**Ескертпе**: Кешенді жоспар қажеттілігіне карай өзектілендірілетін болады.

* кешенді жоспарда ұсынылатын қаржыландыру көздері мен көлемі оларды орындау барысында айқындалатын болады. Бұл ретте кешенді жоспар шараларын қаржыландыру мәселесін қарау кезінде жауапты орындаушылар бюджетке түсетін түсімдер бойынша қаржы-экономикалық есептеулердің және негіздемелердің және бюджет қаражатына қосымша қажеттіліктін болуын, сондай-ақ оларды іске асыру нәтижесінде бюджет шығыстарын оңтайландыру мүмкіндігі бойынша қамтамасыз етуі қажет.

**Аббревиатуралар мен қысқартулар:**

АШМ - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі

Әділетмині - Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі

БҒМ - Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі

ДСМ - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі

Еңбекмині - Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі

ИИДМ - Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі

Қаржымині - Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі

СИМ - Қазақстан Республикасының сауда және интеграция министрлігі

СІМ - Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі

ҰЭМ - Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі

ЦДИАӨМ - Қазақстан Республикасының цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі

ЭГТРМ - Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі

"Атамекен" ҰКП - "Атамекен" Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы

АЭА - арнайы экономикалық аймақ

ҒЗИ - ғылыми-зерттеу институты

ДДҰ - Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы

ДЗ - дәрілік заттар

ЕАЭО - Еуразиялық экономикалық одақ

ЕЭК - Еуразиялық экономикалық комиссия

"ИТП" АЭА – "Инновациялық технологиялар паркі" арнайы экономикалық аймағы

"Қазақтелеком" АҚ-"Қазақтелеком" акционерлік қоғамы

МӘМС – міндетті әлуметтік медициналық сақтандыру

МБ-медициналық бұйымдар

"Оңтүстік" АЭА - "Оңтүстік" арнайы экономикалық аймағы

ОТӨ - отандық тауар өндірушілер

ТМККК — тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі

"СҚ-Фармация" ЖШС - "СК-Фармация" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ҰАҒБО АҚ - "Ұлттық аграрлық ғылыми-білім беру орталығы" акционерлік қоғамы

"KAZAKH INVEST"ҰК" АҚ - "KAZAKH INVEST" Ұлттық компаниясы" акцонерлік коғамы

"Qazindystry" АҚ - "Қазақстандық индустрия және экспорт орталығы" акционерлік қоғамы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК